

М.Ж. ҚАЛШАБАЕВА

Қазақ Ұлттық аграрлық университетінің

«Құқық» кафедрасының аға оқытушысы.

ҚҰҚЫҚТЫҚ САНА МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТАНЫМДЫҚ- ҚҰҚЫҚТЫҚ КАТЕГОРИЯЛАР РЕТІНДЕ

Аннотация

Бұл мақалада құқықтық сана мен құқықтық мәдениет өздігінше құқықтық категория ретінде қарастырылып, олардың арақатынасы мен өзара байланысы айқындалып, сондай-ақ жалпы жақтары мен жеке ерекшеліктері көрсетілді. Құқықтық сана мен құқықтық мәдениеттің байланысын бірнеше негіздер бойынша анықтайық. Біріншіден, олар бөлік және бүтін ретінде өзара арақатынасын белгілейді. Құқықтық сана құқықтық мәдениеттің құрылымдық элементі, оның субъективті негізі, тетігі болып табылады, ол өз кезегінде құқықтық жүйеге тұрақтылық береді. Бұл жағдай құқықтық мәдениетті құқықтық сананың кеңістіктік алаңы, оның құбылысы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Екіншіден, құрылымының әр-түрлілігіне қарамастан, олардың компоненттерінің себептестігімен сипатталатын, ішкі және сыртқы мазмұндары бар.

Тірек сөздер: құқықтық сана, құқықтық мәдениет, құқықтық жүйе, кеңістік алаңы.

Ключевые слова: правосознание, правовая культура, правовая система, площадь пространства.

Қазақстан Республикасын демократиялық, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік мемлекет деп жариялаған Конституция, оның ең жоғарғы құндылығы – адам, адам өмірі, құқығы мен бостандығы деп ерекше атап өтті. Мұның өзі қоғамдағы көп жақты, көп сатылы қарым-қатынастарды реттеудің негізгі құралы ретінде құқықтық сана мен құқықтық мәдениет маңызының арта түсуіне жол ашты. Қоғамдағы шынайылықтың объективті ақиқат қисынын тек зиялы, білімді қоғам өз қалыптасуының барысында, демократияның барлық мүмкіншіліктерін пайдалана отырып, жан-жақты аша түсетінін озық мемлекеттердің дамуы дәлелдеп отыр. Демократияның қанат жайып көркеюінің басты кепілі – құқықтық мәдениеттің жан-жақты дами түсуі.

Құқықтық сана мен құқықтық мәдениеттің арақатынасын және өзара байланысын анықтамас бұрын осы екі ұғымның түсініктерін аша кеткен жөн. Алдымен құқықтық санаға түсінік беріп өтсек.

Бірінші кезекке құқықтық сана мазмұнының тәжірибиелік жағы мен оның тұрақты қасиеті шығады, ол өз кезегінде уақыт қажеттілігімен құқықтық ақиқаттың қоғамдық

қажеттіліктерімен салыстыруға жауап береді, дамыған, дұрыс құқықтық сана негізінде құқықтық жүйенің қайта құрылуын қамтамасыз етеді. Сондықтан да құқықтық прогрестің кепілі ретінде, қоғамның, құқық шығармашылықтың, құқық қолданушының құқықтық санасының деңгейін көтеру өте маңызды болып табылады.

Р.С. Байниязов жоғарыда қарастырылған құқықтық санаға: құқықтық мақсат, көзқарас, ниет, әдет, дәстүр, иллюзия, құқықтық сендіру, еліктеу, құқықтық мәдениетті модельді мінез-құлықпен толықтырады [1, 17 б.].

Құқықтық сана қай жағынан болмасын анықталса да ол, құқықтық санаға тән белгілерге, сондай-ақ жалпылай өзгешеліктерге ие, қоғамдық сананың бір нысаны ретінде қарастырылады. Бірінші кезекте, құқықтық сананы психикалық іс-әрекеттің нысаны мен салдары, яғни нәтижесі ретінде қарастыру керек. Кез-келген құқықтық нормалар азамат санасына бағытталған. И.А. Ильин «құқық - сана тілі бойынша сөйлейді және саналы тірі жандарға қарай бағытталған» деп айтқан [2, 7 б.]. Адамның санасында объективті шынайылық бейнесі көрініс табады, демек сана да құқықтық категориядағы білім, түсінік, құқықтық тәжірибе, әрекет етіп тұрған қатынастарда көрінетін объективті белгілерге ие.

Құқықтық шынайылық санада суреттелу процесінде, сана жеке қабылдау, жеке тұлғаның танымдық қабілеттілігі, дүниетанымдық негіздері мен қабылдау сипатын анықтайтын, жеке өмірлік құндылықтар арқылы субъектенеді. Осыған байланысты сана объективті қасиетпен толып, ақиқатты түсіну пайда болады.

Сапарғалиев Ғ.С., Ибраева А.С. көзқарасы бойынша, құқықтық сананы қоғамдық сананың жеке бір саласы дей келе, оған мынадай анықтама береді: «Құқықтық сана дегеніміз – Қазақстан Республикасы азаматтарының жүзеге асырылып жүрген заңдарға, оларды қолдануға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына және қалаулы құқыққа, басқа да құқықтық құбылыстарға құқық сезімдерінің, көзқарастарының, пікірлерінің, бағаларының жүйесі» бес бейне, яғни, құқықтық болмыс жөнінде білімдер, құқықты бағалау және оны жүзеге асыру тәжірибе, құқықтық мақсаттар, құндылық бағдары заңдық мәні бар жағдайлар туындағанда адамдардың жүріс-тұрыстарын реттейді деп есептейді.

Басқаша айтқанда, құқықтық сана дегеніміз – адамдардың, әлеуметтік бірліктердің қоғамда бар және олардың тілек-ықыластарына сай келетін құқыққа қатыстылықтарын білдіретін көзқарастарының, идеяларының, түсініктері мен сана-сезімдерінің жиынтығы деп қорытындылайды [3, 127 б.].

Ендігі жерде құқықтық мәдениетке түсінік бере кетейік. «Құқықтық мәдениет» заң категориясы ретінде күрделі табиғатқа ие және бұл түсінікті анықтау әлі күнге дейін ашық күйінде қалып отыр. Ғылыми әдебиеттерде құқықтық мәдениет, бастапқы, жалпы мазмұндағы мәдениеттің бір бөлігі деп қарастырылады. Иванников И.А. пікірі бойынша, құқықтық мәдениет – «жалпы мәдениеттің бір бөлігі болып, құқықтық өсиеттерден, рәміз, нормалардан көрініс табатын, адамдардың мемлекеттік-құқықтық қатынас саласындағы қызметтер нәтижесі және осы құбылыстар мен өмірсүруде рухани азықтарды, олардың субъектілерінің заңды маңызы бар мінез-құлыққа әсерін бағалау» [4, 66 б.]. Құқықтық мәдениеттің негізгі міндетін И.Е. Фербер қоғамның барлық мүшелерін анықталған қатынасқа, өзінің міндеттеріне, құқықтарына, заңдылықты сақтауға дайындау деп біледі

[5, 114 б.]. Автор оларға қалыптасып жатқан жүріс-тұрыс ниеттерімен орнатылымдарды жатқыза отырып: «Құқықтық мәдениет – адамды, оның құқықтары мен бостандықтарын сыйлау, «шені» мен «атағына» қарамастан, адамдардың өзара қарым-қатынасындағы табандылық және батылдықыпен ұштасып отыратын әдептілік пен орындылық». В.М. Сырых құқықтық мәдениет түсінігін «зандылықты, адамдар мен басқа тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруды, мемлекет пен жеке тұлғаның өзара жауапкершілігін қамтамасыз ететін құқықтық тәртіпті» қамтиды [6, 143 б.].

Құқықтық мәдениет (кең мағынада) дегеніміз – нақты іс-қимыл, әрекет жасау үстіндегі заң қондырғысы компоненттерінің жиынтығы және құқық жөнінде, оның жүзеге асырылуы туралы, мемлекет органдарының, лауазым иелерінің іс-әрекеттері жөнінде адамдардың жалпы түсінігі мен пайымдаулары.

Құқықтық мәдениет (тар мағынада) дегеніміз – тұлғаның құқық туралы ой-пікірлері, сезімдері мен пайымдаулары және де саналы түрдегі қажеттіліктері. Осы қажеттіліктер тұлғаның құқыққа сай мінездерінен, жүріс-тұрыстарынан көрініс табады. Қарастырылған көзқарастарды қолдай отырып, оның орталық ұстанымы қоғамның құқықтық және өнегелік мәдениетінің деңгейінің өзара себепші болуы екенін айта кету керек. Өнегелік және рухани құндылықтар бір жағынан құнды құқықтық бағыт болса, басқа жағынан, барлық қоғамға қажетті өмірлік шама береді. Мұндай байланыс құқықтық мәдениетті бір уақытта әрекетшіл, ақпараттық-семиотикалық және қызмет атқарушы феномен деп қарастыруға мүмкіндік береді. Қоғамның құқықтық саласын рухани өлшеу ғана оның жетілуге ұмтылысымен біріктіріп, жаһандану процесі жағдайында өнегелік тірек құруға мүмкіндік береді. Құқықтық мәдениетті аксиологиялық түсінудің қазіргі уақыттағы өзектілігін, қоғамның өзін-өзі ұйымдастыру, құқықтық мемлекеттің құрылу талаптары ретінде, өнегелік (әлеуметтік) жауапкершілікті қалыптастыру қажеттілігімен түсіндіріледі.

Әрбір қоғамдық жүйе (құқықтық, саяси, экономикалық) белгілі-бір өздерінің құндылықтарына ие. Бұл жүйенің оны құрайтын құндылықтарының өзара байланысынсыз қызмет етуі мүмкін емес. Құндылықтардың мазмұны қаншалықты түрлі болып келсе де жалпы белгілерге ие болып табылады [7, 4 б.].

Құқықтық мәдениеттің мәдениеттің басқа салаларымен (өнегелі, діни, ғылыми, экономикалық, саяси) өзара қатынас процесінде қалыптасатын құндылықтар жиынтығы қоғамның рухани құрлысын, өнегелік координат жүйесін құрады.

Құқықтық мәдениетті анықтауда түрлі негіздерді зердеге ала отырып, оның құрамына енетін компоненттерді түрлі аспектілі көп, вариантты деп қарастыру керек. Сондай-ақ заң ғылымында құқықтық мәдениетті анықтайтын басқа да зерттеу бағыттары бар (философиялық, тарихи, социологиялық, психологиялық, лингвистік, антропологиялық, мәдениеттанушылық). Аталғандардың әрбір бағыттары құқықтық мәдениет түсінігіне, оның құрамына өз пікірін береді, алайда дәл аксиологиялық талдау көмегімен «құқықтық мәдениеттің әрбір элементіне объективті баға беруге, оның қоғамдық-тарихи мәнін анықтауға болады» [8, 574 б.]. Құқықтық мәдениеттің түсінігіне байланысты түрлі көзқарастарды қарастыруды, жалпы, түрлі критерийлердің интегративті бастауларымен аяқтауға болады:

- құқықтық іс-әрекет процесі құндылықтардың қалыптасуымен, қабылдауымен байланысты;

- құндылықтардың әмбебап сипаты олардың объективті және нормативті сипатынан (сана мен мінез-құлық нормасы) көрініс табады;

- құқықтық құндылықтардың қоғамдық игіліктер үшін маңыздылығын құқықтық және басқа да қызметтерде олардың жариялану көмегімен анықтауға болады;

- мәдениеттің көптеген салаларында, соның ішінде құқықтық құндылықтар ерекше белгілер жүйесі ретінде қатысады;

- құқықтық мәдениеттің қызмет атқаруы, тәжірибелік, (әрекетшіл) ақпараттық, құндылық жүйесінсіз мүмкін емес, өз кезегінде, құқықтық мәдениет аксиологиялық, коммуникативті қызметтерді жүзеге асырады.

Жоғарыда қарастырылған, топтастырылған белгілерге қарап, құқықтық мәдениетке – құқықтық іс-әрекет барысында көрініс табатын, қалыптасу процесі мен дамуы жеке тұлға мен олардың бірлестігінің құқықтық санасының деңгейімен бекітілген, рухани-материалды мәдениеттің түрлік сипаты деп анықтама беруге болады.

Заң ғылымында, құқықтық мәдениеттің түсінігі оның құрамына кіретін, құрамдық компоненттерге қатаң түрде байланысты болмау керек деп бірнеше рет қадағалап айтылған болатын. Қарастырылған авторлардың көзқарасы, құқықтық мәдениеттің түсінігі нақты, толық болмаса да оның құрылымын көрсеткен. Мұның қалай шешілуіне байланысты құқықтық мәдениеттің түрлі спецификалық түрлерін шығаруға, оның дамушы факторларын, әдістерін, нысандарын анықтауға байланысты зерттеушілердің бағыттары да анықталады. Сөзімізді жинақтай отырып, құқықтық сана мен құқықтық мәдениеттің байланысын бірнеше негіздер бойынша анықтайық. Біріншіден, олар бөлік және бүтін ретінде өзара арақатынасын белгілейді. Құқықтық сана құқықтық мәдениеттің құрылымдық элементі, оның субъективті негізі, тетігі болып табылады, ол өз кезегінде, құқықтық жүйеге тұрақтылық береді. Бұл жағдай құқықтық мәдениетті құқықтық сананың кеңістіктік алаңы, оның құбылысы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Екіншіден, құрылымының әртүрлілігіне қарамастан, олардың компоненттерінің себептестігімен сипатталатын, ішкі және сыртқы мазмұндары бар.

«Құқықтық сана» және «құқықтық мәдениет» түсініктері өзара байланыстылығының бірлігімен анықталады:

- пайда болуы, әлеуметтік табиғаты, қызмет етуі;
- құрылымдық элементтермен (құқықтық психология және құқықтық идеология);
- түрлерімен (жеке, топтық, қоғамдық);
- деңгейлерімен (әдеттегі, кәсіби, доктриналды).

Құқықтық сана мен құқықтық мәдениеттің айырмашылығы мынадан көрінеді:

- құқықтық сана құқықтық мәдениет түсінігіне қарағанда көлемі жағынан әлдеқайда тар болып табылады. Құқықтық мәдениет кең құбылыс ретінде құқықтық сананың барлық жақтарын қамтамасыз етеді және құқықтық білім, баға, мінез-құлықтың бірлігімен сапалы қамтылған;

- құқықтық сана сананың эмоционалды-рационалды саласында көрініс тапса, ал құқықтық мәдениет құқықтық өз орнын сананың өзінде, сонымен қатар құқықтық іс-әрекеттер, құбылыстар, институттарда табады. Егер құқықтық сана рухани құндылықтарды көрсететін болса, ал құқықтық мәдениет – материалдық-рухани, (заңды мекемелер, олардың ұйымдары, қатынастар; құқықтың қоғамдағы ролі, сот, нотариалды жүйелер, олардың жұмыс істеу әдістері, азаматтармен байланысы, олардың заңды мүдделерін қорғау, қоғамдағы заңды мүдделерді білу және орындау) яғни құқықты тәжірибелік деңгейде игеру [1, 17 б.].

- құқықтық сана негативті өзгерістерге, деформацияларға бейім, ал құқықтық мәдениет болса керісінше негативті тұрғыда мүлдем болмайды. Құқықтық мәдениет құқықтық нигилизмге және басқа да құқықтық сана өзгерістеріне қарсы тұру қасиеттеріне ие;

- құқықтық сана өзгеру динамикасына байланысты тез өзгеріп отыруы мүмкін, әсіресе эмоционалды деңгейде, ал құқықтық мәдениет оның құрамында субъективті және объективті жақтардың болуына байланысты, ақырын өзгереді, тұрақтылық деңгейі жоғары болып келеді;

- басқа құбылыстармен байланысы бойынша құқықтық сана қоғамдық сананың бір түрі ретінде қатысады және рухани, діни, саяси саналармен тығыз байланыста болады. Құқықтық мәдениет жалпы мәдениеттің бір бөлігі ретінде мәдениеттің басқа салаларынан (саяси, ғылыми т.б.) алшақ өмір сүре алмайды.

Қорыта келе, көріп отырғанымыздай, құқықтық сана мен құқықтық мәдениет өзара байланысты, бірақ өздеріне тән белгілері, ерекшеліктері, күрделі табиғаты бар, әлі де зерттеуді талап ететін заң категорияларына жатады.

ӘДЕБИЕТ

- 1 Байниязов Р.С. Теоретические вопросы правосознания. - Саратов, 2001, - С. 17.
- 2 Тапчанян Н.М. Правосознание и правовая культура личности в условиях современной России: Автореф. дис. ... к.ю.н. - М., 1999, - С. 7.
- 3 Сапарғалиев Ғ.С. Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы. Оқулық. - Астана, Фолиант; 2007, - 127.б.
- 4 Иванников И.А. Государственная власть в России: проблемы гуманизации. - Ростов н/Д. 2006, - С 66.
- 5 Фарбер И.Е. Правосознание как форма общественного сознания. - М., 1963, - С. 114.
- 6 Сырых В.М. Теория государства и права: Учебник. – 5-е изд., стер. - М., 2006, - С. 143.
- 7 Кравченко И.И. Политические и другие социальные ценности // Вопросы философии. – 2005, № 2. - С. 4.

8 Сальников В.П. Правовая культура //Теория государства и права/ Под ред. Н.И. Матузова, А.В. Малько. - М., 1997, - С. 574.

REFERENCES

- 1 Bainiazov R.S. Teoreticheskie voprosy pravosoznaniia. - Saratov, 2001, - S. 17.
- 2 Tapchanian N.M. Pravosoznanie i pravovaia kul'tura lichnosti v usloviakh sovremennoi Rossii: Avtoref. dis. ... k.iu.n. - M., 1999, - S. 7.
- 3 Saparǰaliev F.S. Ibraeva A.S. Memleket zhәне кўқуқ теориясы. Оқулық. - Astana, Foliant; 2007, - 127.b.
- 4 Ivannikov I.A. Gosudarstvennaia vlast' v Rossii: problemy gumanizatsii. - Rostov n/D. 2006, - S 66.
- 5 Farber I.E. Pravosoznanie kak forma obshchestvennogo soznaniia. - M., 1963, - S. 114.
- 6 Syrykh V.M. Teoriia gosudarstva i prava: Uchebnik. – 5-e izd., ster. - M., 2006, - S. 143.
- 7 Kravchenko I.I. Politicheskie i drugie sotsial'nye tsennosti // Voprosy filosofii. – 2005, № 2. - S. 4.
- 8 Sal'nikov V.P. Pravovaia kul'tura //Теория государства и права/ Под ред. N.I. Matuzova, A.V. Mal'ko. - M., 1997, - S. 574.

Резюме

В данной статье рассматриваются теоретические аспекты соотношения и взаимосвязи правового сознания и правовой культуры.

Summary

This article discusses the theoretical aspects of the relationship and the relationship of legal awareness and legal culture.